

**«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ-нің сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша  
талдамалы анықтама**

Нұр-Сұлтан қаласы

18 мамыр 2020 жыл

2019 жылдың II-жартыжылдықтағы және 2020 жылдың I-тоқсанындағы «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды, құрамына: Басқарма басшысының орынбасары Р.С. Нұрғазина, әкімшілік бөлімнің басшысы А.Т. Бекжігітова, Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің есептілігі бөлімінің басшысы С.Қ. Тлеуова, Бюджеттің орындалуын жиынтық талдау және қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру бөлімінің басшысы Е.Д. Ахметов, Әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімінің басшысы С.Т. Донбаева, Әкімшілік бөлімінің бас маманы Б.Э. Алибеков кіретін жұмыс тобы жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазанда бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 бұйрығына сәйкес, «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ-нің басшысының 2020 жылғы 11 мамырдағы № 14/О бұйрығының негізінде жүргізілді.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ (бұдан – әрі Басқарма) өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңды, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9-сәуірдегі № 1-449 қаулысымен бекітілген Басқарма туралы ережені басшылыққа алады.

**1. НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ  
АКТІЛЕРДЕГІ КОРРУПЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР**

*Басқарма алты құрылымдық бөлімшеден тұрады:*

- Бюджеттің орындалуын жиынтық талдау және қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру бөлімі;
- Қарызды есепке алу, инвестициялық жобалардың орындалуын талдау және нақты сектор бөлімі;
- Әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімі;
- Әкімшілік бөлім;
- Басқару органдары, қорғаныс және құқық қорғау органдары саласында бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімі;
- Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің есептілік бөлімі.



Бөлімдер туралы Ереже басқарма басшысының 2019 жылғы 26 сәуірдегі № -ж 17/1-ж бұйрығымен бекітілген.

## **1. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

### **1. Қызметкерлерді басқару, оның ішінде қызметкерлердің айналымы**

Басқарманың штаттық кестесі Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 114-6 өкімімен бекітілді. 2019 жылғы талдау кезінде басқарманың мемлекеттік қызметшілерінің нақты саны 23 адамды құрады, бос орындар – жоқ.

Сонымен қатар басқарушылар саны 9 адам (қызметкерлер санының 40 %) (басшы, орынбасарлар, бөлім басшылары), басшылар емес (бас мамандар) 14 адам (қызметкерлер санының 60%).

2019 жылдың II-жартыжылдықтағы және 2020 жылдың 1-тоқсаны аралығында кадр айналымы жоқ.

Қызметті ұйымдастырады және жұмыс атқарады, келесі комиссиялар: тұрғын үй комиссиясы, еңбек өтілін есептеу комиссиясы.

Қызметкерлер туралы ай сайынғы деректер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментіне және Нұр-Сұлтан қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментіне (әскери міндеттілер бойынша) жіберіледі.

### **2. Мүдделер қақтығысы**

Басқарма жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кезінде, мүдделер қақтығысы (*мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның ресми өкілеттіктері арасындағы қайшылық, онда мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделерінің болуы олардың лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе дұрыс орындамауына әкелуі мүмкін*).

### **3. Мемлекеттік қызметтер**

Басқарма мемлекеттік қызмет көрсету бойынша функцияларды, олардың болмауына байланысты, жүзеге асырмайды.

### **4. Рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру**

Басқарманың ережесінде бақылау және қадағалау функцияларын орындау қарастырылмаған.

### **5. Басқармаға жеке және заңды тұлғалардың түскен өтініштер**

Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасында шағымдану бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 147 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидасының негізінде және «Айқын» жобасы бойынша жүзеге асырылады,